

навыков в формировании музыкального слуха и комплексному развитию и освоению более сложных форм работы в области музыкального образования.

Список литературы

1. Картавцева М.И. Особенности преподавания музыкальных дисциплин в ДМШ, М.: Профиздат, 2006. – 102с
2. Шульгин Д. И. Пособие по слуховому гармоническому анализу.–М., 1991
3. Шатковский Г.И. Развитие музыкального слуха и навыков творческого музицирования. – Москва, 1996г.
4. Карасева М. В. Сольфеджио –психотехника развития музыкального слуха. М., 1999 (2-е изд. –М., 2002, 3-е изд. –2009).
5. Абдулдаева Ш.С. Использование инновационных технологий в учебно-исследовательской деятельности учащихся. – Сборник трудов МНПК «Приоритетные направления развития науки и образования». – Шымкент, 2012.

ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қауатаева Дарина, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 1 курс студенті.

Жетекшісі: **Жусупова Дина Жетписбаевна**

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті,
Қостанай қ.

Әбілхан Қастеев (1904–1973 жж.) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туып-өскен жері – Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы қаласы.

Еңбек жолын Түрксіб темір жол құрылысында жұмысшы болып бастады. 1929-1936 жылдар Мәскеудегі көркемсурет студиясында Н.Г. Хлудов пен И.Бродскийден сабақ алды. Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген.



Әбілхан Қастеев қолөнерге, одан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан Қастеев осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысына ден қойып, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды. Әбілхан Қастеев –туған жердің әсем табиғатын, оның дидарындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған суреткер.

Әбілхан Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймай, туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер [1]

Ә. Қастеев өз шығармаларында аса шеберлікпен жан-жақты аша білді. Суретшінің алғашқы шығармалары 30 жылдардың алғашқы кезеңінде көріне бастады. «Топтық портрет», «Көгілдір киім киген қыз», «Тігінші», «Тоқымашы», «Қарындас портреті», «Автопортрет» шығармалары осы кезде жазылды. Бұл шығармалар суретшінің әртүрлі жұмыс кезеңінде жұмыс аралығында салған тақырыптары мен тапсырыстарының бейнелері болады. Суретші бұл картиналарды кейіпкерлердің бас бейнесін көрсетіп қана қоймай, картина адам фонындағы киіз үй, жан-жануар, қазан-ошақ және тағы басқа қоршаған табиғатты қосып көрсетеді. Халық суретшісі Ә. Қастеевтің «Турксиб» шығармасы көпшілікке танымал шығарма. Картинада сол кезеңдегі ерекше бір құбылыс Түркістан – Сібір темір жолының құрылысын көрсетуге арналады. Картинада қазақтың сары даласы темір жолмен келе жатқан паровоз және оны күтіп тұрған адамдар көрінісі бейнеленген.

Бұл шығармасында суретші тұтас бір қазақтың кең байтақ даласы мен таулы аймақтарын, халқының дархан көңілді, жайдары кейіпін бояу түстері арқылы, шеберлікпен ашып көрсете білген. Туындыда жаздың күзге айналған табиғаттың әсем бейнесі көрініс тапқан. Тау бөктері сары түске оранып, күздің салқын тартқан лебізін, пойыз күтіп тұрған адамдардың киімінен аңғаруға болады. Шығармада қазақтың ақ жаулықты аналарын нағыз қазақы бейнеде, қазақы қыймылда, киген киімдері мен кимешектеріне дейін қазақы болмысынан сыр шертіп тұратындай етіп бейнелеген. Немересін жетектеген әженің бейнесі мен баланың көрінісінен де үлкен бір ұлттық сарын сезіліп тұрғандай. Үлкен кісілердің киген киімі мен тұрған тұрысындағы философиялық ой, еріксіз бізге халқымыздың жаратылысын еске түсіреді. Суретшінің композициялық шешімін тапқан және бір тұсы ол, қазақ ер азаматтарын ат үстінде бейнелеуі. Қазақ қашанда атты жанына серік еткен халық. Жалпы қазақ халқын жылқы мінездес деп те атап жатады. Осы ұғымды ескерген суретші аттың қимылын ондағы адамдардың қозғалысына сай етіп сомдаған. Ер азаматтардың киімдері мен бас киімдерін ұлттық ерекшеліктерге сай етіп, картинаға аса шеберлікпен бере білген. Сондай-ақ жеті қазынананың бірі болған итті де назарда тыс қалдырмағандығы кез-келген зерттеушіні қызықтырмай қоймайды. Картинада бейнеленген иттің өзі иесінің кейіпіне еніп, бір мақсатта, бір ойда тұрғандай көрініс тапқан. Пойыздан шыққан түтіннің өзі аспандағы бұлыттармен үйлесім тауып үндесуі, ақша бұлттардың суреттегі сюжетпен байланысуы, күн нұрының тау бөктері мен ондағы барлық құбылысқа түсіп, жарық пен көлеңкенің көрініс табуы, кез-келген әлемге әйгілі суретшілердің шығармаларынан кем түспейді. Мұндығы суретшінің шеберлікпен композициялық заңдылыққа сүйенгендігін айғақтайтын шығармадағы әрбір деталдар өз орнын дәл тапқан.

Көркем туындыларынан Қастеев қаламына тән қасиет – эпикалық ауқымдылық, ұлттық бояудың айқындығы көрінеді. Суретші халқымыздың тұрмыс-тіршілігін дәл бейнелеп, ұлттық дүниетаным аясында тың композициялық шешім таба білді. Оның “Киіз үйдің ішкі көрінісі”, “Қыз Жібек”, “Қыз ұзату”, “Қос құрбы”, “Келін түсіру”, т.б. шығармалары ұлттық қазынамызға айналды. Суреткер Әбілхан Қастеев қазақ халқының салт-дәстүрінің озығы мен тозығын ажыратып, кертартпа кемшіліктерді ашына бейнелейді. Мысалы, “Кедей мен бай құдық басында”, “Құрғақшылық кезінде молданың жылу жинауы”, “Қыз алып қашу” шығармалары осының дәлелі. Оның ұлтына, туған жерге, отанына сүйіспеншілігі шығармаларында шынайы көрініс тапты. Қастеев сурет өрнектерінің сырлы бояуын, ұтымды қолданып, бейнелеу өнерінде мәдениет тарихының, республикалық қоғамдық өмірдің жылнамасын жасады.



«Амангелді Иманов» 1970ж «Жас Абай» 1945ж «Сатып алынған қалыңдық» 1938 ж.
«Колхоздағы сүт ферма», «Мақта жинау», «Колхоздың тойы», «Қыз алып қашу», «Сатып
алынған қалыңдық», «Алтын астық», «Ақсай карьері», «Медеу мұз айдыны», «Түрксіб»,
«Талас жағалауы», «Қапшағай даласы».

Сонымен қатар Кенесары Қасымов, Абай, Шоқан Уәлиханов, Жамбылдың
портреттері; ерекше танымал болып табылатын портреті – «Амангелді Иманов» портреті

сияқты танымал суреттері бар [1].

Әбілхан Қастеев мұражайы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы - 1976 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясының (1935 жылы қаланған) және Республикалық қолданбалы өнер музейінің (1970 жылы қаланған) қоры негізінде қаланған.

1984 жылы қаңтарда музейге Қазақ КСР Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді.

ЮНЕСКО-ның шешімімен 2004 жылы Әбілхан Қастеевтің 100 жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді. 2004 жылдың 15 қаңтарында Әбілхан Қастеевтің мерейтойлық көрмесінің салтанатты ашылуы болды. Көрме суретшінің күллі шығармаларын қамтыды. Атап айтар болсақ, 400-ден аса акварельдік және кескіндеме туындылары, фотоқұжаттар, суретшінің жеке заттары, кинохроника музейдің үлкен төрт залдарында қойылды.

Сонымен қатар суретшінің көрмесі Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде және республиканың облыс орталықтарында өткізілді. Жаркентте Ә. Қастеев атындағы көркемсурет музейі ашылса, Чижин ауылында Ә. Қастеев атындағы саябақ ашылды.

2005 жылдың қаңтарында Әбілхан Қастеевке Алматы қаласының әкімі И. Н. Тасмағамбетовтың және қала басшылығының тікелей қаржылық қолдауымен ескерткіш ашылды.

Бүгінде Ә. Қастеев атындағы МӨМ еліміздегі бейнелеу өнері саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту ісіндегі ірі көркемсурет музейі болып табылады. Музейде Қазақстанның бейнелеу өнері, Қазақстанның қолданбалы өнері, шетел классикалық өнері, жаңа дәуірдегі шетел өнері, қорлар, қайта қалыпқа келтіру, көрме және экспозиция, насихаттау және экскурсиялық қызмет көрсету, ақпарат және баспа ісі сынды 9 ғылыми орталық жұмыс атқарады. Қазіргі таңдағы музейдің қоры өзінің көркемдік деңгейінің жоғарылығымен көптеген әлемдік жинақтардан еш қалыспайды. Музейдің аса бай қорындағы 22500-ден астам кескіндеме, графика, сәулет және Қазақстанның, Ресейдің, Еуропаның, Американың, Шығыс елдері халықтарының қолданбалы өнерінің баға жетпес жұмыстары музейдің негізі қорындағы туындылар болып табылады.

Шығармашылығына берілген марапаттары мен лауазымы

• «Қазан төңкерісі» орденімен, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен екі рет, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

• Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткері (1942).

• Қазақ КСР халық суретшісі (1944).

• Шоқан Уалиханов атындағы Қазақ КСР-нің мемлекеттік премиясы (1967), «Қазақсан жерінде» атты туындылары үшін.[2]

Қорыта айтқанда, әлемдік өрентанушылық ғылымның бейнелеу өнері бағытына көз салатын болсақ кез келген ел суретшілерінің еңбектері жоғары деңгейде зерттеп-зерделеніп, суретшілердің шығармаларындағы мазмұн мен форманың заңдылық сипаттағы ақиқаты айқын көрсетілген. Рембранд, Леонардо да Винчи, Микелоанджело еңбектері сияқты Қастеевтің әрбір шығармасының идеясы, мазмұны, композициялық құрлымы толық ғылыми зерттеуді күтіп отырғаны белгілі. Ол туралы диссертациялар қорғалса, Абай секілді ұзақ, ғасырлар бойы зерттесе де артық етпейді. Елдігімізді, ұлттығымызды жоғалтпау үшін де бейнеулеу өнерінің майталмандарының шығармаларын ғылыми талдаулардан өткізіп, оның философиялық ойын болашақ ұрпақтың санасына сіңіре білуіміз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009.

УРОК МУЗЫКИ КАК ОБЪЕКТ МУЗЫКАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧИТЕЛЯ МУЗЫКИ

Кабылхан Карлыгаш, студентка 3 курса, специальность «Музыкальное образование»

Научный руководитель: **Жакаева К. А.**, старший преподаватель кафедры искусств
Костанайский государственный педагогический университет

Стратегическая цель учебно-воспитательного процесса современной школы заключается в формировании полноценной творческой личности, способной приумножить накопленные предыдущими поколениями духовные ценности. В этих условиях особое значение приобретает повышение качества образования, чтобы школа могла оказывать решающее воздействие на общество. Оно предусматривает развитие у учителя творческого мышления, стремления к саморазвитию и самосовершенствованию, что, в свою очередь, служит признаками высокого профессионального мастерства.

Учитывая специфические особенности урока музыки, которые вместе с музыкально-образовательными требованиями к учащимся предъявляют и художественно-исполнительские требования. Исходя из этого, учителю на всех стадиях обучения и воспитания важно знать, на каком уровне мышления находится учащийся, так как от этого зависит степень усвоения материала. Ведь момент обучения начинается только тогда, когда ребенок сам пытается разрешить поставленные проблемы, а любая проблема будет разрешаемой, если принимается в расчет уровень интеллектуального развития школьников.

В построении занятий преподаватель должен четко представлять целесообразность и последовательность реализации основных задач формирования интереса к музыке и активного уровня восприятия. Школьник, участвуя на уроках музыки в различных видах деятельности, активизирует свои умственные способности. В процессе урока, он стремится индивидуально решить поставленную задачу, привыкает к самостоятельному художественному высказыванию, приобретает веру в свои творческие силы. Все, что требуется от учителя это сделать все для раскрытия потенциала ребенка, данного ему природой.

Профессия «учитель музыки» сочетает в себе общепедагогический и специфический (художественно-музыкальный) аспекты, всё, что относится к педагогической сфере, касается и музыканта. Качество педагогической деятельности, профессионализм, мастерство, стремление быть конкурентоспособным в современном обществе – всё имеет значение. Достичь высокого уровня в своей профессии, преодолеть недостатки в работе можно средствами непрерывного профессионального самообразования.

Художественное самообразование учителя музыки имеет свою специфику. Являясь самым сложным видом искусства, музыка в отличие от других его жанров лишена яркой визуальной, пластической или вербальной поддержки. Процессы, связанные с ее восприятием, протекают скрытно, требуют более длительных временных затрат. Поэтому на первый план выходят художественно-образное слуховое восприятие музыкальных сочинений, воображение, эмоции, художественная интуиция.

определяемую спецификой образования, но подчинённую общим закономерностям теории деятельности. Специфика музыкально-педагогической деятельности в том, что она решает педагогические задачи средствами музыкального искусства.

Музыкально-педагогическая деятельность сочетает в себе педагогическую, хормейстерскую, музыковедческую, музыкально-исполнительскую и исследовательскую работу, основанную на умении самостоятельно обобщать и систематизировать получаемые знания. Музыкально-педагогическая деятельность, как и любая другая деятельность, существует в форме цепи действий, каждое из которых соответствует определённому